

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.6. - С.109-113

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕРМЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Мананова Н.

Қарым-қатынас ұғымы орта ғасыр дәуірінде Орта Азия ойшылдарының көптеген даналық сөздерінде кездеседі. Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби еңбектерінде мінез-құлық, қарым-қатынас ерекшелігі айқын сипатталып, оқу үдерісіндегі олардың қалыптасу жолының негіздері беріледі. Әл Фараби тұлғаның жеке сапалық қасиетіне белгілі деңгейде психологиялық мән береді. Ол адам мүмкіндігін дамытуға қолайлы негіз қалайтын дұрыс басшылық жасау кезінде ой-сана мен жан күшін көрсететін ынта-ықыласты, мінез-құлықтың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін қапысыз байқаған. Осының негізінде ойшыл әрекеттің көп қайтара қайталануы нәтижесінде адамның икемділігі бекиді деген идеяны дәлелдеген. Әл Фарабидің пікірінше, іс-әрекет тұлғаның жекелеген қасиеттерін қалыптастыру үшін белгілі деңгейде алғышарттар жасайды [1].

Сонымен қатар, XI-XII ғасырларда М. Қашқари, Ж. Баласағұни сияқты ойшылдардың философиялық-психологиялық ойларында жеке адамның қалыптасуы және дамуы жөніндегі мәселелер қозғалған. Мәселен, Ж. Баласағұнидің дидактикалық бағыттағы «Құдадғу білік» атты еңбегінде адамдардың өзара қарым-қатынасының жеке ерекшелігі көрінетін тілдесу өнері жайлы жазылады [2, 3].

Адамның өзін-өзі тану проблемасы А. Яссауи еңбектерінде көп көңіл бөлінген. Оның өсиеттерінде әлеуметпен байланысты тұлғаны қалыптастыру туралы терең психологиялық-педагогикалық толғаныстар жатыр [4].

Ыбырай Алтынсарин тәрбиеші ұстаз, мұғалімдік өнер жөніндегі айтқандарында психологиялық түйіндер аз емес. Ыбырай Алтынсарин мұғалім проблемасына, оның жеке тәлімгерлік қасиеттеріне, ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөлген еді. Ы. Алтынсарин мұғалімнің оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруын, олардың педагогикалық қарым-қатынас және оқытудың оқытушылық тәсілдерді меңгеру қажеттігін баса айтты. Ол мұғалім алдына мынандай міндеттер қойды: нағыз мұғалім болу үшін, шәкіртінің өзіндік ерекшеліктерімен мықты санасу қажет. Ол үшін педагогикалық әдептілікті оқып, қадағалап отырмаса болмайды деген [5].

Жүсіпбек Аймауытов оқытушы балалармен қарым-қатынаста олардың жеке қасиеттері мен кейбір туыстан берілетін темперамент, мінез, нышан ерекшеліктерін ескеру қажеттігін, бұл жерде педагог оқушылардың өзін-өзі басқарып, жеке басын жетілдіруге, кісілікке ұмтылуына ерекше мән берудің маңыздылығын айтады [6].

Осы тәріздес идеяны Мағжан Жұмабаев та өз еңбегінде педагогикалық қарым-қатынас жасау барысында оқушылардың жеке-дара ерекшеліктерін ескеру қажет екенін айтып өткен [7].

Біздің зерттеу жұмысымыз үшін осы ойлар құнды болып табылады.

Қарым-қатынас ұғымы адамдардың бір-бірінен күрделі, көптеген түрлі жақындасу процестерін көрсетіп, олардың бірігіп жасайтын іс-әрекеттерінің қажеттіліктерін орындау үшін қолданылады. «Қарым-қатынас» ұғымын педагогика мен психологияға алғаш рет А.А. Брудный енгізген. Ол – тұлғаның сыртқы объектіге, адамға, рухани байлыққа, материалдық дүние қатынасын білдіретін ұғым [8].

Қарым-қатынас – адамның рухани, қоғамдық тұлғалық жағынан көрінуінің маңызды ортасы, адамдармен түсіністікке қол жеткізу құралы. Қарым-қатынас өнері – өте көне және қиын, бірақ бұл өте қарапайымнан басталады. М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты ғылыми еңбегінде: «Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең. Қазақтың «қаны бір, жаны бір, жол басшысы – мұғалім», - деп ерекше ескере отырып, алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдердікі деген өте жоғары баға берді [7].

А.А.Леонтьев «қарым-қатынас» ұғымын әмбебап коммуникативті іс-әрекетке, яғни қарым-қатынасқа белгілі бір іс-әрекет түрі сияқты қарау керек деп есептейді [9].

В.М.Бехтерев қарым-қатынасты адамдарды топқа біріктіру механизмі, тұлға әлеуметтенуінің шарты сияқты қарастырады [10].

М.С.Каган қарым-қатынасты адамдардың бірлігінен туатын жаңа ақпараттарды өңдеу үрдісі ретінде қарастырады [11].

Қарым-қатынасқа ең жалпы анықтаманы Б.Ф.Ломов берді: «қарым-қатынас адам тұрмысының индивидуалды формасының маңызды жағы болып табылады». Ол қарым-қатынас іс-әрекетінің әртүрлі формалары, деңгейлері, түрлері жайлы және оның құрамдас бөлімдері: сан алуан ақпарат алмасу процесі, коммуниканттардың өзара әрекеттесуі жайлы сөз қозғайды [12].

Педагогикалық қарым-қатынас қызметін анықтау көбінесе оқытушының алға қоятын мақсатына байланысты:

а) оқу-тәрбие материалдарын білім алушының дара ерекшеліктеріне қарай іріктеу, құру және олардың жеке тұлғалық үлгісін жобалау секілді конструктивтік қабілеті;

ә) білім алушыны әр түрлі оқу әрекетіне қатыстырып, ұжымда тұлғаның белсенділігін көтеру сынды ұйымдастырушылық қабілеті;

б) білім алушылармен жақсы қарым-қатынаста болу, олардың даму деңгейіне, талабына сай болу секілді коммуникативтік қабілеті.

Педагогикалық қарым-қатынастың өзінің ерекшелігі бар, педагогтық қызметте ең бірінші мұғалімнің бейнесі (имидж) болу керек. Егер сабақты белсенді, сыйлы оқытушы оқытса, студенттің пәнге деген қызығушылығы арта түседі. Бірақ ол үшін оқытушы өз беделін әрқашан сақтау керек. Жас оқытушы студенттердің назарын өзіне аудару үшін көп ізденіп, көп жігер болу керек. Қазіргі кезде тек қана оқытушы рөлінде алда отырған оқушылар алдында беделді бола алмайсың, сондықтан әрқашан ізденіп, сөзі мен ісінде бір болу керек. Технология түрлерін білген жағдайда ғана педагог белгілі жағдайларда дұрыс мінез-құлық ұйымдастырады. Ол үшін оқытушы қатынас құрылымын, адекваттық тапсырмалар мен ерекше педагогикалық ситуациялар туғызуда психологиялық, мимикалық, тілдік, қозғалыс және т.б. жүйелі қабылдаулар қолданады. Бұндай қарым-қатынас әрекеті үшін ынталылық керек.

М.М.Рыбакова білім алушылар мен педагогтың өзара қарым-қатынасының бес түрін саралайды:

1. Диктаттық қатынас - қатаң тәртіппен ресми қарым-қатынас негізінде білімге ерекше талап қою;

2. Бейтарап, яғни нейтралды қатынас – оқушылармен интеллектуалдық-танымдық деңгейде еркін қатынас жасау, мұғалімнің өз пәніне ерекше ден қоюы, қабілеттілік;

3. Қамқорлық қатынас – шамадан тыс ебектеу, оқушының өзіндік әрекетіне қарау, ата-аналармен үнемі байланысын үзбеу;

4. Конфронтациялық қатынас – оқушыларды іштей жек көру, жұмысқа үнемі қанағаттанбау, менсібеушілік үнмен сөйлесу;

5. Ынтымақтастық қатынас - барлық істі бірлесе жүргізу, бір-біріне қамқорлық жасау, оптимизм және өзара сеніммен қарым-қатынас жасау.

Біз зерттеу жұмысымызда М.М.Рыбакованың аталған қарым-қатынас жіктемесін басшылыққа алдық.

Қалай болғанда да педагог сабаққа дайындықты пәні бойынша өтілетін теориялық тақырыпты қалай меңгерту, қандай көркекілік пайдаланамын, оқытуды тек қана бағдарламадан қалмау деп түсінбей, білім алушылардың білімімен қатар ақыл-ойын, адамгершілік қасиетін, жеке тұлға ретінде өзара қарым-қатынасын қалай қалыптастырамын деген мәселені де жүзеге асырудың жодарын іздестіру деп түсіну қажет. Өйткені психологтардың айтуынша, мұғалім мен оқушының өзара тіл табысуға ұмтылуы тек оқушының өсуіне ғана емес, мұғалімнің де қыр-сырына терең байлауына мүмкіндік туғызады. Оқушылардың оқу мотивтерінің қалыптасуы туралы мәселелерді әр қырынан қарастырып зерттеп, зерделеген ғалым А.К.Макаровтың пікіріне сүйене отырып жасалған тұжырым бойынша бұл тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізіп отыратын педагогтың студенттермен арасындағы адамгершілік қатынастарында мынадай талаптар есерілуі тиіс.

1) Оқушыларды іріктеп бөлу емес, сабақ үстінде байқалған жағымсыз әрекеттерді болдырмау үшін олардың психологиялық даму процесін бақылай отырып, тиісті жұмыстар шараларын анықтау.

2) Әр баланың жеке ерекшеліктерін зерттегенде оны өзгемен емес, өзімен-өзін, яғни бұрынғы қалпы мен бүгінгі дейінгі қалпын салыстырып отыруға көңіл бөлу.

3) Сырттай қарағанда бірдей көрінетін құбылыстардың ішкі себептерін анықтауға ұмтылу. Мәселен сабаққа құлқы жоқ студенттердің оқымауының әр түрлі себебі болады: бірі – оқу іскерлігінің қалыптаспауынан; екіншісі - өзінің оқудағы мақсаты не екенін білмейді; үшіншіден – еш нәрсеге қызықпайтын сылғырттықтан көңіл бөлгісі келмейді, т.б. Кейде тіпті бала белсенділігінің астарында мақтангершілік, тек қана баға алу ниеті жатуы да мүмкін. Ал жауап беруде өзін-өзі сын көзімен қарап, жоғары талап қоятын, көзге көп түсуге ұмтылмайтын ұстамдылықтың әсерінен белсенділік таныта қоймайтын баланы психологиялық ерекшеліктерінің де ара жігін ажырата білу талабы да көп мәнге ие.

4) Білім алушылардың мотивациясын жеке тану үшін мұғалімнің жеке басының қасиеттері де үлгілі, өзгелерді құрметтеу сезімі жоғары, мақсатқа жету жолында табанды болумен қатар психологиялық тұрғыда сауатты, балалардың жас ерекшеліктерін мейлінше терең білетін, соған сай қажетті әдістерді қолдана алатын білікті маман ретінде де танылуы – жұмыс нәтижелігін өсіретін алғы шарттың бірі.

5) Мотив қалыптастыру дегеніміз – мұғалімнің дайын мотивтер мен мақсаттарды оқушының басына “Көшіруі” емес, ол – білім алушылардың белсенділігін туғызатындай жағдайлар жасау, оқуға деген ұмтылысын оятатын ішкі қозғаушы “тетіктерді” жандандыру, студенттердің білім-тәжірибесі мен мотивациялық даму деңгейіне сай келетін жұмыс түрлерін іріктеу, оларды сапалы орындауында мүмкіндік туғызу.

Осындай талаптар ескерілген жағдайда педагог пен білім алушылардың өзара бірігуіне, бір-бірін тануына жол ашылмақ.

Кез келген студенттік ортада, қоғамда бірігіп жұмыс жасау үшін қарым-қатынас өте маңызды. Біріншіден, бірігу барысында қатысушылар жұмыс жайлы толығырақ ақпарат ала бастайды. Екіншіден, олардың қанағаттанарлық жұмыс жасауы алдағы уақытта нәтижелі көрсеткіш көрсету үшін бар ынта жігерін салуымен байланысты. Сонымен әрбір орта болмасын қарым-қатынас ерекше орын алады [13].

Қарым – қатынас жасау адамның даралық мінез қасиетіне де байланысты. Ол мынадай белгілерден тұрады:

1. Өзгелер мен қарым-қатынас орнатуға ниет білдіруі.
2. Қатынас жасайтын адамдарын білуге ұмтылуы.
3. Қатынас жасаушы серіктері жайында өзара тілдесіп, ұғынысудың жолын іздестіру.
4. Кімнің кім екенің білуге ұмтылуы.

Қорыта келе, қарым-қатынас екі бөліктен тұрады. Оның бірі адамның ішкі дүниесіне қатысты қасиеттері: ойлауы мен саналы әрекеті. Ал келесі бөлшегі – адамның жүріс тұрысы мен өзгелермен тілдесіп, бірлесіп, әрекет жасайтын қатынас сипаты.

Қарым-қатынас стилі дегенді біз педагог пен білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық өзара әрекетіндегі дербес – психологиялық ерекшеліктері деп түсінеміз. Қарым – қатынас стилінде мынадай көріністер байқалады:

- а) мұғалімнің коммуникативті мүмкіндіктерінің ерекшеліктері;
- б) педагог пен тәрбиелеушінің өзара қарым-қатынасындағы жеткен деңгейі;
- в) педагогтың шығармашыл дербестігі;
- г) оқушылар ұжымының ерекшеліктері.

Зерттеулер көрсеткендей, педагогикалық қарым қатынас жасаудың төмендегідей түрлері кең тараған:

1. Авторитарлық стиль – мұғалім өз қызметін ұйымдастыруда бұйрық, ескерту жасау, кінәлау, ұрсу сияқты әдістерді пайдаланады. Бұндай стильдегі мұғалімдер білім алушыларда үрей тудырады, бұндай стильде істеген мұғалімнің беделі төмен болады. Авторитарлық стильде (бұйрық, ескерту, сөгіс) жиі қолданылады.

2. Либеральдық стиль (жүйесіз) – бұл стильде істейтін мұғалімдер беделге ие болмайды. Олар өз пікірлерінен гөрі, басқалардың пікірлеріне көп сүйенеді. Мұғалім де, білім алушылар да белсенділік танытпайды.

3. Демократиялық стиль (алқалық) – мұғалім білім алушылармен ынтымақтастық құрайды. Мұғалім оқушыларды тыңдай, сыйлай алады, қателескен жағдайда кешіре біледі. Оқушылардың жеке қабілеттерін ескеріп, бастамаларын қолдап отырады. Жиі қолданатын әдістері өтініш, ақыл-кеңес.

Педагогикалық қарым-қатынас стильдері таза күйінде кездесе бермейді. Педагогикалық практикада қарым-қатынас стилдері аралас түрде кездеседі, көбінесе бір стиль басымдылықта болады. Стильдерді мұғалім жағдайға байланысты тандап алады.

Қорыта келгенде ақылды, білімді педагог еш нәрсені назардан тыс қалдырмай, білім алушыларды білдірмей жетелейді, байқатпай бағыт-бағдар береді. Ұстаз шәкірттер үшін өмірдегі ең беделді тұлға болып табылады. Сондықтан мұғалім білім алушылар алдына өрескел қылық танытып, шәкірт сенімінен шығып қалмауы керек. Егер де педагог солай істейтін болса, сол күнге дейін оған сеніп, соған ұқсап, оны пір тұтып келген білім алушы ұстаздан күдер үзіп, білім – ғылымға деген салғырттық танытуы ықтимал.

Әдебиттер тізімі

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1992. – 112 б.
2. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі. Шығармалар жинағы. – Т. 3. Алматы, 1997. – 528 б.
3. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Ғылым, 1986. – 617 б.
4. Яссауи Қ. А. – Алматы: Ғылым, 1971. – 168 с.
5. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы., 1994 – 285 б.
6. Аймауытов Ж. Жан жүйесі және өнер таңдау. – Алматы, 1984 – 157 б.
7. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992. – 147 б.
8. Брудный А. А. Понимание и общение. – М., 1989 – 76.
9. Леонтьев А. А. Педагогическое общение. – М.: «Знание», 1979 – 146.
10. Бехтерев В. М. Общие основы рефлексологии человека. Л., 1926.
11. Каган, М. С. Философия культуры / М. С. Каган. - СПб. : Петрополис, 1996.-416 с
12. Ломов, Б. Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии / Рос. акад. наук, ин-т психологии. - М. : Наука, 1999.-349 с.
13. Aitzhan Abdyrov, Temir Galiyev, Maral Yessekeshova, Saule Aldabergenova, Zhuldyz Alshynbayeva “On systems thinking and ways of building it in learning” IJESE-IJESE - International Journal of Environmental and Science Education (ISSN13063065-Turkey-Scopus). – 2016. – Vol. 11. – P. 11149-11161.